Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

28 августа
2026 года
ПЯТНИЦА
№ 35 (1843)

Наш профиль в Instagram

saran_today, saran_gazeti · sarangazeti · sarangazeti.kz

» ҚҰРЫЛТАЙ – 2026

# ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ТАҢДАУ

**Саран қаласы бойынша Құрылтай сайлауы қалай өтті? 23 тамыз күні таңғы 07:00-ден бастап, қалаға қарасты 20 сайлау учаскесінде ҚР Әнұраны орындалып, алғашқы дауыс берушілерді қабылдай бастады.**

Сол күні қала тұрғындарымен бірге Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте орналасқан №241 учаскеде өз таңдауын жасап, дауыс берді.

Саран қаласының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Азамат Әбілдиннің айтуы бойынша, сайлау учаскелерінде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының өкілдері мен партиялардан тіркелген бақылаушылар дауыс беру барысын бақылап, сайлаудың ашық әрі талаптарға сай өтуін қадағалады. Барлық сайлау учаскелерінде дауыс беру үдерісі кешкі сағат 20:00-де аяқталды.

Сондай-ақ, Саран қаласында мүмкіндігі шектеулі жандардың өз дауыс беру учаскелеріне еркін әрі қауіпсіз жетуіне мүмкіндік беретін «Инватакси» такси қызметі ұйымдастырылды. Одан бөлек, қаладағы барлық маршруттық автобустар жолаушыларға тегін қызмет көрсетті. Жылы әрі жайлы орта қалыптастыру мақсатында сайлау учаскелерінде әсем әуендер ойнап тұрды. Алғаш рет дауыс берген азаматтар мен балаларға арнайы шағын сыйлықтар табысталды. Қалалық мәдениет үйінің шығармашылық ұжымы болса, бірқатар сайлау учаскелерін аралап, тұрғындарға концерттік бағдарламасын ұсынды. Сонымен қатар, кейбір сайлау учаскелерінде жәрмеңкелер ұйымдастырылды.

**Дина ӘБДІҒАЛИЕВА**







## ҮШ ҚАЛА. ҮШ САХНА. БІР МЕРЕКЕ - КЕНШІЛЕР КҮНІ!

**30 тамыз Саран, Шахтинск және Абай қалаларын Qarmet-пен бірге өтетін үлкен мерекелік концерт біріктіреді!**

Бұл кеште үш бірдей кеншілер қаласында қазақстандық сахнаның танымал өнерпаздары өнер көрсетеді. Олар: **Luina, Нұржан Керменбаев, Bayansulu.**

Сүйікті әндер, жарқын қойылымдар мен мыңдаған көрермен — үлкен мерекенің әуені бірден үш қаланың сахнасынан шырқалады.

**Концерттердің басталуы:**

Саран — 18:00
Шахтинск — 19:00
Абай — 19:00

Үш қала. Үш сахна. Мыңдаған көрермен. Бүкіл кеншілер өңірін біріктіретін бір мереке.

Ал мерекелік концерттер үш қаланың да аспанын жарқырата түсетін әсем отшашумен аяқталады. 30 тамызда Кеншілер күнін Qarmet-пен бірге қарсы аламыз!

## ТРИ ГОРОДА. ТРИ СЦЕНЫ. ОДИН БОЛЬШОЙ ДЕНЬ ШАХТЁРА!

**30 августа Сарань, Шахтинск и Абай объединит большой праздничный концерт вместе с Qarmet!**

В этот вечер сразу в трёх городах шахтёрского региона выступят: **Luina, Нұржан Керменбаев, Bayansulu.**

Любимые песни, яркие выступления и тысячи зрителей — музыка большого праздника прозвучит сразу на трёх городских сценах.

**Начало концертов:**

Сарань — 18:00
Шахтинск — 19:00
Абай — 19:00

Три города. Три сцены. Тысячи зрителей. Один праздник, который объединяет весь шахтёрский регион.

А завершатся праздничные концерты яркими фейерверками, которые озарят небо над каждым из трёх городов.

**30 августа встречаем День шахтёра вместе с Qarmet!**